



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2026 жылғы 15 қаңтардағы
№ 16-13-49Д/С сауалға*

Құрметті депутаттар!

Төрелік қызметі саласындағы проблемалық мәселелерге және осы саланы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарға қатысты сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы іс-қимыл жоспарының 16-тармағын орындау шеңберінде Әділет министрлігі төрелік талқылауда азаматтардың құқықтарын қорғау тұрғысынан төрелік институтын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Аталған жұмыс аясында қолданыстағы заңнама, халықаралық құжаттар, құқық қолдану практикасы, сондай-ақ азаматтардың өтініштері зерделенді. Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша мынадай ұсыныстар әзірленді: 1) төрешілерге қойылатын талаптарды күшейту; 2) тұрақты жұмыс істейтін төреліктерге қойылатын талаптарды күшейту; 3) Төрелік палатасының өкілеттіктерін кеңейту; 4) тараптардың құқықтарын күшейту.

Аталған ұсыныстар азаматтардың дауларын білікті әрі тәуелсіз төрешілердің қарайтынына берілетін кепілдіктерді арттыруға, «сатылып кететін» төреліктердің құрылу ықтималдығын азайтуға, азаматтардың құқықтары бұзылса, оны тиімді қорғау үшін қосымша мүмкіндіктер беруге, сондай-ақ дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде азаматтар арасында төрелікті танымал етуге бағытталған.

Сондай-ақ сауалда ұсынылған бастамалар төрелік келісімнің «әлсіз» тараптарын қорғауға және заңнамалық талаптарды күшейтуге бағытталғанын атап өткен жөн.

Осыған байланысты төрешілерге қосымша біліктілік талаптарын белгілеу, кәсіби жауапкершілікті міндетті сақтандыру, соттың төрешілерден бас тарту туралы өтініштерді қарауы, жеке тұлғалармен жасалған қосылу туралы шарттарды (*риэлторлық шарттар, сервистік қызмет көрсету шарттар*) жарамсыз деп тану жағдайларын кеңейту, тараптарға хабарламалар жіберу, сондай-ақ төреліктердің атауына қойылатын талаптарды белгілеу жөніндегі депутаттардың ұсыныстары төрелік туралы заңнаманы жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде ескерілетін және қаралатын болады.

Ал төрешінің дауға қатысушы тараппен үлестес болуын Қазақстан Республикасының жария тәртібін бұзуға теңестіру туралы ұсыныс келесі негіздер бойынша қолдау таппайды.

Қазақстан Республикасының «жария тәртібі» ұғымын қайта қарау мәселесі Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 51-НҚ «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» нормативтік қаулысында көтерілген.

Сонымен қатар халықаралық тәжірибе, ғылыми еңбектер, мемлекеттік органдар мен төрелік ұйымдарының ұстанымдары зерделенгеннен кейін «Қазақстан Республикасының жария тәртібі» ұғымын өзгертпеу туралы шешім қабылданды, себебі ол бағалау сипатындағы ұғым болып табылады және заңнамада емес, соттардың практикалық қызметінде көбірек ашылуға тиіс.

Сондай-ақ «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 52 және 57-баптарында төрелік шешімінің күшін жою негізі және егер өтінішхат берген тарап төрелік құрамның немесе төрелік талқылау рәсімінің тараптардың келісіміне сәйкес келмегені немесе мұндай келісім болмаған жағдайда төрелік талқылау өткізілген елдің заңнамасына сәйкес келмегені туралы дәлелдеме ұсынса, соттың төрелік шешімді танудан және (немесе) оны орындаудан бас тартуының негізі қамтылғанын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитетінде мемлекеттік органдар мен басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен төрелік туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейтінін атап өтеміз.

Осыған байланысты көтеріліп отырған мәселелер бойынша одан әрі жұмысты көрсетілген жұмыс тобы шеңберінде жалғастырып, Заңды жетілдіру бойынша ортақ ұстаным әзірлеген жөн деп санаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

О. Бектенов

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенаты депутаттарының тізімі**

1. Е. Бoльгерт
2. Н. Бекназаров
3. Ж. Асанова
4. Н. Байкадамов
5. М. Кадырбек
6. М. Кoжаев
7. С. Медебаев
8. К. Тастекеев